

## REVIEW

**of the foreign scientific consultant on dissertation of Abukhanova Azhar entitled «Development of teachers' professionalism in the condition of modern education content», submitted for the degree of Doctor of Philosophy (PhD) in the educational program 6D010300 Pedagogy and Psychology**

One of the valuable priorities of the state policy in the field of education in Kazakhstan is to raise teachers' professionalism to a higher level. Professional development of teachers is very important for increasing the efficiency of the education system. This process is aimed at improving teachers qualifications, pedagogical methods and developing professional skills. Development of teachers' professionalism increases the quality of education and ensures effectiveness of the educational process. Regular work, continuous training and professional support are important for this goal achievement. The doctoral student has deeply studied the theoretical bases of teachers' professionalism development. In this work, the theories of professional development, pedagogical skills and innovations in the education system have been comprehensively considered. In the theoretical part, as innovation, she proposed new approaches to provide teachers' professional development.

In this regard, Abukhanova in her research aimed to create the theoretical basis and guidance paper for teachers' professionalism development in the context of modern education, and has made the program of providing its implementation in a suitable way in the course of modern school continuous education by developing teachers' professionalism in the cognitive, methodological , research, reflective directions in accordance with the modern educational content.

In particular, in the introduction of the dissertation research, its scientific apparatus has been built on a system basis, that is, it provides for the purpose, object, subject, scientific hypothesis, tasks, theoretical and methodological foundations, stages and methods of research, research base, scientific innovation, theoretical and practical importance and principles proposed for defence, research testing and putting the results into practice.

In the first part, the meaning of the system of definitions of «professionalism of teachers» was clarified, and domestic and foreign scientific studies of the problem of teachers' professionalism development were analyzed. In addition, the development stages and tendencies of the modern education content were identified, and its meaning and content, aims and objectives, importance and features, as well as development stages and tendencies were analyzed. By comparing and analyzing the model of modern education content and the traditional educational model, the doctoral student disclosed the important features. He showed the role of personality-oriented, acmeological, objective-activity, systematic pedestals in the development of teachers' professionalism.

In the second part, the competences that make up teachers' professionalism in the condition of modern education were determined, and the modern directions and opportunities for teachers' professionalism were defined. A

structural-content model of teachers' professionalism development in the condition of modern education was presented.

Empirical and experimental researches were carried out in the third part entitled the initial level of teachers' professional development was identified in the condition of modern education content, the statistical processing was carried out, and the scientific hypothesis of the research was fully proven. In addition, the doctoral student determined the conclusions based on the values obtained from statistical processing. In the case of modern education content, the initial level of development through a number of important competencies that make up the professionalism of teachers has been determined and the methodology for raising its level has been tested, and its effectiveness has been proven.

The effectiveness of teachers' professionalism development was tested in experimental work by implementing a four-direction author's program prepared on the topic «Development of professionalism of modern teachers» and the teaching aid «Fundamentals of teacher's professionalism development». The purpose of the program is to develop school teachers professionalism in educational and organizational, methodological, scientific research and strategic directions by completing teachers activities in all directions, and aimed at improving their professional skills and increasing the level of professionalism.

Doctoral student A.B.Abuhanova's dissertation is distinguished by the fact that it includes new results in the topic of teachers' professionalism development. Compatibility of theoretical and practical aspects, clarity of new approaches and methodological proposals show the value of this work. I believe that the dissertation has been carried out at a high scientific and practical level and will be useful for achieving concrete results in the field of pedagogical education.

The research doctoral student has excellent theoretical background and empirical research background. She is distinguished by the ability to clearly define the goals and tasks set for her, the ability to think independently and deeply. She takes responsibility for her work. She has sufficient knowledge in the field of pedagogy and psychology, she looks at her profession with professional skill and interest, she is able to choose the appropriate research methodology and formulate the proposed ideas in a new way. The dissertation work on the topic «Development of teachers' professionalism in the condition of modern education content» is a scientific study carried out independently by the author at a sufficiently high level and fully completed. It allows to consider that Abuhanova Azhar is worthy to be awarded the degree of doctor of philosophy (PhD) in specialty 6D010300 - pedagogy and psychology and she is permitted to defend her thesis in public.

Foreign adviser :  
Ph.D, associate professor  
Gazi University  
Faculty of Gazi Education  
Department of Educational Management  
<[turkerkurt@gmail.com](mailto:turkerkurt@gmail.com)>



*Ағылшын тілінен қазақ күзіндеңдерілгөн тіліне аударма*

**6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Замануи білім беру мазмұны жағдайында педагогтердің кәсібілігін дамыту» тақырыбындағы Абуханова Ажар Базарбаевнаның диссертациялық жұмысына шет елдік ғылыми көнесшінің**

### **ПІКІРІ**

Қазақстанда білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың құнды басымдықтарының бірі - педагогтердің кәсібілігін жоғары деңгейге көтеру. Педагогтердің кәсібілігін дамыту — білім беру жүйесінің тиімділігін арттыру үшін аса маңызды. Бұл процесс педагогтердің біліктілігін жоғарылату, педагогикалық әдістемелерді жетілдіру және кәсіби дағдыларды дамытуға бағытталған. Педагогтердің кәсібілігін дамыту білім беру сапасын арттырып, оку үдерісінің тиімділігін қамтамасыз етеді. Бұл мақсатқа жету үшін жүйелі жұмыс жүргізу, тұрақты оқыту және кәсіби қолдау көрсету маңызды.

Ізденуші-докторант педагогтердің кәсібілігін дамытудың теориялық негіздерін терен зерттеген. Мұнда кәсіби даму теориялары, педагогикалық шеберлік және білім беру жүйесіндегі жаңалықтар жан-жақты қарастырылған. Теориялық бөлімнің жаңашылдығына педагогтің кәсіби дамуын қамтамасыз ететін жаңа көзқарастарды ұсынған. Осыланысты Абухананова зерттеу жұмысына – замануи білім беру мазмұны жағдайында педагогтердің кәсібілігін дамытуды зерттеудің теориялық негізdemесі мен әдістемелік әзірлемесін жасау деп мақсат қойып, заманауи білім беру мазмұнына сай педагогтердің кәсібілігін когнитивтік, әдістемелік, зерттеушілік, рефлексиялық бағытта дамыту арқылы заманауи мектептің үздіксіз білім беру барысында жүзеге асырудың оңтайлы деңгейін қамтамасыз ету бағдарламасын жасаған.

Атап айтсақ, диссертациялық зерттеудің кіріспесінде оның ғылыми аппараты жүйелі құрылған, яғни мақсаты, нысаны, пәні, ғылыми болжамы, міндеттері, теориялық-әдіснамалық негіздері, зерттеу кезеңдері мен әдістері, зерттеу базасы, ғылыми жаңалығы, теориялық пен тәжірибелік маңыздылығы және қорғауға ұсынылған қағидалар, зерттеу нағыз жағдайларынан өткізу және тәжірибелеңдіру қарастырылған.

Бірінші бөлімде «педагогтердің кәсібілігі» ұғымының мәні нақтыланып, педагогтердің кәсібілігін дамыту мәселесінің отандық және шетелдік ғылыми зерттеулерге талдау жасалынған. Сонымен қатар, заманауи білім беру мазмұнының даму кезеңдері мен беталыстарын айқындаған мәні мен мазмұнына, мақсаты мен міндеттеріне, маңыздылығы мен ерекшеліктеріне, даму кезеңдері мен беталыстарына талдау жасалған. Заманауи білім мазмұны үлгісі мен дәстүрлі білім үлгісін салыстырып, талдай отырып, маңызды ерекшеліктерін айқындаған. Педагогтердің кәсібілігін дамытуда тұлғалық-бағдарлы, акмеологиялық, субъектілік-іс-әрекеттік, жүйелілік тұғырлардың рөлін ашып көрсеткен.

Екінші бөлімінде заманауи білім беру мазмұны жағдайында педагогтердің кәсібілігін құраушы құзыреттіліктер анықталып, педагогтердің кәсібілігін дамытудың заманауи бағыттары мен мүмкіндіктері айқындалған. Заманауи білім беру мазмұны жағдайында педагогтердің кәсібілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі ұсынылған.

Ушінші бөлімінде эмпирикалық және экспериментік түрғыдан ізденістер жүргізілген. Заманауи білім беру мазмұны жағдайында педагогтердің кәсібілігін дамытудың бастапқы деңгейі айқындалып, статистикалық өндеге жұмыстары жүргізіліп, зерттеудің ғылыми болжамдары толық дәлеледеген. Сонымен қатар, статистикалық өндегеуден алынған көрсеткіштер бойынша тұжырымдарды анықталған.

Заманауи білім беру мазмұны жағдайында педагогтердің кәсібілігін құрайтын бірқатар маңызды құзыреттіліктер арқылы дамытудың бастапқы деңгейі анықталып және оның деңгейін көтеруге арналған әдістемесін сынақтан өткізе отырып, тиімділігі дәлелденген.

«Заманауи педагогтердің кәсібілігін дамыту» тақырыбында дайындалған төрт бағытты кешенді бағдарламасын, «Педагогтің кәсібілігін дамытудың негіздері» атты оку құралын енгізу арқылы педагогтердің кәсібілігін дамытудың тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмысында сынақтан өткізілді. Бағдарламаның мақсаты мектеп мұғалімдеріне оқу үйімдастырушылық, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеушілік және стратегиялық бағытта кәсібілігін дамыту ретінде педагогтердің іс-әрекеттері әр бағытта толықтырылып, кәсіби дағдыларын жетілдіруге, кәсібілік деңгейлерін арттыруға бағытталған. Докторанттың ұсынған шешімдері мен құралдары қазіргі білім беру жағдайына сай келеді және нақты практикалық қажеттіліктерді ескерген.

Докторант А.Б.Абуханованың диссертациясы заманауи білім беру мазмұны жағдайында педагогтердің кәсібілігін дамыту тақырыбында жаңа нәтижелерді қамтитындығымен ерекшеленеді. Теориялық және тәжірибелік аспектілердің үйлесімділігі, жаңа көзқарастар мен әдістемелік ұсыныстардың нақты болуы бұл жұмыстың құндылығын көрсетеді. Диссертация жоғары ғылыми және практикалық деңгейде орындалған және педагогикалық білім беру саласында нақты нәтижелерге қол жеткізу үшін пайдалы болады деп есептеймін.

Ізденуші докторант теориялық дайындығы мен зерттеудің әмперикалық болжамы өте жақсы. Өзін алға қойылған мақсаттар мен міндеттерді нақты анықтауға, дербес әрі терең ойлау қабілетімен, жұмысына жауапкершілікпен қарайтындығы, педагогика және психология саласында жеткілікті білімі бар екені, өз мамандығына кәсіби шеберлігімен әрі қызығушылықпен қарайтыны, тиісті зерттеу әдіснамасын тандаумен және ұсынған идеяларды тың тәсілмен тұжырымдай білуімен ерекшеленеді. .

«Заманауи білім беру мазмұны жағдайында педагогтердің кәсібілігін дамыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс автордың өз бетінше, жеткілікті жоғары деңгейде орындаған және толық аяқталған ғылыми

зерттеуі болып табылады, бұл Абуханова Ажар Базарбаевнаны «6D010300 – педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санауға мүмкіндік береді және көпшілік алдында қорғауға рұқсат етіледі.

Шетелдік ғылыми кеңесші,  
PhD, профессор  
Гази Университеті  
Гази Білім беру факультеті  
Білім Беруді Басқару қафедрасы  
[turkerkurt@gmail.com](mailto:turkerkurt@gmail.com)

Туркер Курт

Ағылшын тілінен қазақ тіліне аударған Алчамбаева Саня Ардактыевна

Колы Ай 25.03.2025 жылы



“STATUS” аударма бюросы, Талдықорған қаласы, Шевченко көшесі 148,  
Тел.: +7 702 916 7779, +7 777 287 7339  
E-mail: saniya.77@mail.ru

Қазақстан Республикасы, Жетісу облысы, Талдықорған қаласы,  
екі мың жыырма бесінші жылдың жыырма бесінші наурыз айы.

Мен Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті 10.04.2009 жылы берілген №0002471 лицензиясының негізінде әрекет жасаушы Жетісу облысының округінің нотариусы Сайбекова Айгуль Сайлиевна, аудармашы Алчамбаева Саня Ардактыевнаның қолың түпнұсқалығын куәландырамын.

Аудармашының жеке басы аныкталды, әрекетке қабілеттілігі және өкіллілігі тексерілді.

Тізілімде №1448 тіркелді

Өндірілді келісім ҚР ҮК 611-бап және "Нотариат туралы" ҚРЗ 30-1-бап  
Нотариус Ай



ZZ42051522503251204460473646  
Нотариаттық іс-әрекеттің бірегей нөмірі / Уникальный номер нотариального действия